	Қазақстанско-Американский свободный университет	Дата 01.09.2021 г:
	Правила перевода и восстановления обучающихся КАСУ 1 стр. из 8 стр.	СВОК Редакция 2


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ**

  
**«БЕКІТІЛДІ»**  
 ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің шешімі,  
 Хатлама № 1 «01» 09 2021 ж.  
*Е. Мәмбетқазиев* Е. Мәмбетқазиев

***ҚАЕУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ОҚУҒА ҚАЙТА  
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ***

Өскемен 2021

	Казакстанско-Американский свободный университет	Дата 01.09.2021 г:
	Правила перевода и восстановления обучающихся КАСУ 2 стр. из 8 стр.	СВОК Редакция 2

## 2. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТАР

1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (07.07.2020 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелері (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (2021.06.09 № 282 өзгерістерімен және толықтыруларымен).);

3. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері (ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығы, 12.10.2018 ж. өзгерістерімен);


4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелері;

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелері. (13.06.2018 ж. №345, 07.02.2019 ж. №39, 08.06.2020 ж. №362, 21.04.2021 ж. №256, 06.08.2021 ж. №539 өзгерістерімен)";

6. Қазақстан Республикасындағы нострификация (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 21 шілдеде № 23626 болып бір семестр ішінде тіркелді).

### **АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ОҚУҒА ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ РӘСІМІ.**

Ауыстыру және қайта қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген "Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік

	Казакстанско-Американский свободный университет	Дата 01.09.2021 г:
	Правила перевода и восстановления обучающихся КАСУ 3 стр. из 8 стр.	СВОК Редакция 2

ережелеріне" сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылы 31 Қазанда № 17657 болып тіркелді.

Білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екіншісіне, бір тіл бөлімінен екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жазғы және қысқы каникул кезеңінде оқуға ауыстыру жүзеге асырылады.

Білім алушы қайта қабылдау кезінде оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан, бірақ жеке оқу жоспарына сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаған жағдайда кез келген ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

Кез келген кезеңде оқу құнын төлемегені үшін оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушы осы берешекті өтеген жағдайда оқудан шығарылған күннен бастап төрт апта ішінде қайта қабылданады.


Уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы ЖЖОКБҰ-ның білім алушысы уәкілетті орган лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

Білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖЖОКБҰ таратылған жағдайда, осы ЖЖОКБҰ-ның білім алушысы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтату немесе ЖЖОКБҰ-ны тарату туралы ЖЖОКБҰ ерікті түрде қайтарған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру "Білім туралы" Заңның 4-бабының 5) тармақшасына сәйкес бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Білім беру гранты бойынша білім алатын студент білім беру грантын сақтай отырып, қалауы бойынша басқа ЖЖОКБҰ-ға ауысады.

Жекелеген ЖЖОКБҰ үшін бекітілген білім беру гранттары бойынша, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық білім беру бағдарламаларына түскен студенттер басқа ЖЖОКБҰ-ға тек ақылы негізде ауыстырылады.

	Казахстанско-Американский свободный университет	Дата 01.09.2021 г:
	Правила перевода и восстановления обучающихся КАСУ 4 стр. из 8 стр.	СВОК Редакция 2

Білім алушыны ауыстыру кезінде қабылдаушы ЖЖОКБҰ дайындық бағытын, білім беру бағдарламасының бейінін, оқу жетістіктерін, сондай-ақ білім алушының академиялық адалдығын бұзу жағдайларын ескереді.


Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде ЖЖОКБҰ-ның оқыту нәтижелерін қайта есепке алу үшін тиісті комиссия құрылады.

Білім алушыны шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтарынан басқа білім беру бағдарламалары топтарына ауыстыру жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес белгіленген шекті балдан төмен емес балы бар ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған кезде жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген).

Білім алушыны жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының басқа топтарынан педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына ауыстыру жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес белгіленген шекті балдан төмен емес балы бар ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған кезде жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген).

Шетелдік ЖЖОКБҰ-дан білім алушыларды ауыстыру тиісті білім деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған және (немесе) экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына білім беру саласы бойынша мүше мемлекеттердің (ЭЫДҰ) аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылады.

Білім алушылардың ауыстыру және қайта қабылдау туралы өтініштерін университет ректоры қабылдайтын білім беру ұйымының кезекті академиялық кезеңі басталғанға дейін қарайды.

	Казakhstanско-Американский свободный университет	Дата 01.09.2021 г:
	Правила перевода и восстановления обучающихся КАСУ 5 стр. из 8 стр.	СВОК Редакция 2

Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған жұмыс оқу жоспарларының пәндеріндегі академиялық айырмашылық айқындалады.

Оқу жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылық транскрипте (не анықтамада) көрсетілген оқыған пәндер тізбесі, олардың бағдарламалары мен академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемі негізінде университетте айқындалады.


Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде оларды одан әрі оқыту курсы пререквизиттерді ескере отырып айқындалады. Игерілген кредиттерді қайта есептеу білім беру бағдарламаларын, игерілген пәндер тізбесінің мазмұнын, олардың көлемін, алған білімін, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін, сондай-ақ оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүзеге асырылады. Оқу пәндері бойынша игерілген кредиттерді қайта есептеу кезінде қорытынды бақылау нысандарындағы айырмашылық назарға алынбайды.

Сынақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелеріне сәйкес ең төменгі D (1,0; 50-54%) бастап ең жоғары A (4,0; 95-100%) дейінгі диапазонда төрт балдық жүйе бойынша цифрлық баламаға сәйкес келетін білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесіне теңестіріледі № 152, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6976 болып тіркелген, 12.10.18 ж. №563, 06.05.2021 ж. № 207 өзгерістерімен.

Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелеріне сәйкес оқу процесінде босаған білім беру гранттарын беру арқылы жүзеге асырылады. (13.06.2018 ж. №345, 07.02.2019 ж. №39, 08.06.2020 ж. №362, 21.04.2021 ж. №256, 06.08.2021 ж. №539 өзгерістерге байланысты)".

Білім алушыларды бір ЖОО-дан екіншісіне білім беру гранты бойынша және ақылы негізде ауыстыру рәсімі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) басқа ЖОО-ға ауысқысы келетін білім алушы өзі білім алып жатқан ректордың атына ауысу туралы өтініш береді және ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісім алып, өзін қызықтыратын ЖОО басшысына жүгінеді;

	Казахстанско-Американский свободный университет	Дата 01.09.2021 г:
	Правила перевода и восстановления обучающихся КАСУ 6 стр. из 8 стр.	СВОК Редакция 2

2) қабылдаушы ЖОО басшысының атына ауысу туралы өтінішке қоса беріледі:

- деканның және офис-тіркеушінің қолы қойылған, мөрмен бекітілген транскрипт;
- білім беру гранты иегері куәлігінің көшірмесі;
- өзі оқыған ЖОО басшысының атына өтініш (басшының қолымен және мөрімен).

3) факультет деканы ұсынылған құжаттар негізінде оқу жоспарларындағы пәндердің айырмашылығын анықтайды және меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсы белгілейді, білім беру бағдарламасына сәйкес игерілген кредиттерді қайта есептейді және білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді;

4) факультет деканы, проректор, университет ректорының бұрыштамаларына сәйкес білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық шығарылады.

Білім алушы ауысатын ЖОО-ның басшысы білім алушы бұрын оқыған ЖОО-ға оның жеке ісін жіберу туралы жазбаша сұрау жібереді. Сұрау салуға білім алушыны ауысу тәртібімен қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.


Білім алушы бұрын оқыған ЖОО-ның басшысы осы сұратуды алғаннан кейін оқудан шығару туралы бұйрық шығарады және білім алушының жеке ісін қабылдаушы ЖОО-ның мекенжайына жібереді.

Білім алушы оқыған ЖОО-да транскрипт көшірмесі, сынақ кітапшасы, студенттік билет және жіберілетін құжаттардың тізімдемесі қалады.

Білім алушы басқа білім беру ЖОО-нан қайта қабылданған кезде мынадай құжаттар ұсынылады:

- меңгерілген оқу бағдарламалары туралы құжат (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі аяқталмаған адамдарға анықтама немесе білім алушының оқуға қабылданған және оқудан шығарылған күні көрсетілген транскрипт);

- алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжат (түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі). Бұл ретте, шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесіне енгізілмеген, білімі туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік ұйымдардың құжаттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бұйрығымен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында

	Казахстанско-Американский свободный университет	Дата 01.09.2021 г:
	Правила перевода и восстановления обучающихся КАСУ 7 стр. из 8 стр.	СВОК Редакция 2


нострификациялау рәсімінен өтуге тиіс. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 21 шілдеде № 23626 бір семестр ішінде тіркелді;

- қабылдау сынақтарының нәтижелері;
- медициналық анықтама (білім алушылар үшін белгілі бір нысандағы);;
- фото 6 дана;
- жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін).

Жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы пәндерге жазылады, академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін тапсырады, қорытынды бақылауға рұқсат алады.

Басқа ЖОО-дан қайта қабылдау және ауыстыру кезінде білім алушы жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі белгіленген академиялық айырмашылықты төлейді.

Егер академиялық айырмашылық пәндері ағымдағы академиялық кезеңнің оқу сабақтарының кестесіне енгізілмеген жағдайда, білім алушы оларға жазғы семестрге жазылады. Жазғы семестрде жойылмаған жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылық одан әрі академиялық берешек ретінде ескеріледі.

	Қазақстанско-Американский свободный университет	Дата 01.09.2021 г:
	Правила перевода и восстановления обучающихся КАСУ 8 стр. из 8 стр.	СВОК Редакция 2

**ҚАЕУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ОҚУҒА ҚАЙТА  
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Ақпараттық баспа

© Қазақстан-Американдық еркін университеті, 2021

070018, Өскемен қ., М. Горький көшесі 76  
 тел. (7232) 50-50-10, 50-50-15  
 АҚШ-ҒЫ кеңсе: 44490 SE Phelps Rd., Sandy, OR  
 e-mail: kafu\_ukg@mail.ru  
 web: [www.kafu.kz](http://www.kafu.kz)